# Жалақы төлеу бойынша берешекті өтеу жөніндегі шаралар жоспарын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 18 желтоқсан N 1295.
Қаулының күші жойылды - 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың жалақы төлеу бойынша берешекті өтеуі жөніндегі ұсынылып отырған шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1295 қаулысымен бекітілген

Меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың жалақы төлеу бойынша берешекті өтеуі жөніндегі Шаралар жоспары

| Рет N | Іс-шара | Орындау мерзімі | Орындауға жауаптылар | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Жалақы төлеу бойынша берешегі бар ұйымдардың тізбесін, жалпы ақшалай сомасын, қанша уақыттан бері борышты екенін анықтау | Ай сайын | Ұлттық статистика агенттігі | Ұйымдар тізбесі |
| 2. | Жалақы төлеуді екі айдан астам уақыттан бері кешіктіріп отырған меншіктің барлық нысанындағы ұйымдарда берешектің қалыптасу себебіне бірлесіп тексеру | Кесте бойынша | Қаржымині, Мемкірісмині, Еңбекәлеуметмині | Бас Прокуратураға өтінім жасау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жүргізу туралы Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына өтінім жасау, оның нәтижесі бойынша:- жалақыны өндіріп алу, соның ішінде сот тәртібімен өндіріп алу жөнінде шаралар қолдану;<br>- қалыптасқан берешектің себептеріне талдау жүргізу, төлем қабілетсіздігі болған жағдайда банкроттық жөнінде шаралар қолдану | | | |
| 3. | Акцияларының бақылау пакеті мемлекет үлесі болып табылатын акционерлік қоғамдар акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына жалақы бойынша берешекті өтеу кестелерін бекіту және акционер қоғамдар басшыларының оларды орындаудағы жеке жауапкершілігін белгілеу, орындамағаны үшін алып отырған лауазымынан босатуға дейін шара қолдану туралы ұсыныс енгізу | Желтоқсан | Қаржымині | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беру |
| 4. | Меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың жалақы жөніндегі берешекті өтеу және еңбек қабілетінен айрылуына әкеп соққан еңбек жарақатына байланысты зиянды өтеуі жөніндегі шаралардың жоспарларын әзірлеу және бекіту | Желтоқсан | Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері | Бұл да |
| 5. | Борышкер ұйымдар басшыларының жалақы мен зиянды өтеу жөніндегі | Кесте бойынша | Жедел жұмыс тобы, Еңбекәлеуметмині | Кесте, хаттама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | есептерін жұмыс тобының мәжілістерінде облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдерін қатыстыра отырып тыңдау және заңдарға сәйкес шаралар қолдану | | | лар |
| 6. | Ұйымдардың мемлекет алдындағы кредиторлық берешегіне талдау жүргізу және директивалық жеткізілімдер және 1994-1995 жылдары республикалық бюджеттен берілген орталықтандырылған несиелерді (директивті несиелер мен республикаішілік есептеме нәтижелері бойынша берілген несиелер) мерзімінде қайтармауы салдарынан өткен жылдары қордаланған борыштарды өтеу жөнінде ұсыныстар енгізу | Желтоқсан | Қаржымині, Мемкірісмині, Ұлттық статистика агенттігі | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беру |
| 7. | Ұйымдардың бюджет пен бюджеттен тыс қорлар алдындағы борыштарына талдау жасау және осы борыштарды сегменттеу мен банкроттық рәсімін жүргізу жолымен қайта құрылымдау жөнінде ұсыныстар енгізу | - " - | Мемкірісмині, Қаржымині | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |
| 8. | Инвесторлардың сенімгерлік басқаруға арналған келісім-шарттарға және сату-сатып алу шарттарына жалақы төлеу жөніндегі берешегі мен бюджет пен бюджеттен тыс қорларға борыштарын өтеуі жөніндегі міндеттемелерін орындауына қатысты бөлігіне тексеру жүргізу | Жеке кесте бойынша | Қаржымині | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9. | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 сәуірдегі N 393 қаулысына сәйкес жекелеген жекешелендірілген ұйымдардың берешектерін реттеу жөніндегі жұмысты аяқтау | ҚР Үкіметінің қаулысы белгілеген мерзімде | Қаржымині | Бұл да |
| 10. | Табиғи монополиялар субъектілеріне қатысты олардың банктік шоттарына келіп түсетін ақшаның 70 процентін бюджетке салық төлеуге, 30 процентін жалақы төлеуге көздейтін жеке тәртіпті белгілеу | Желтоқсан | Қаржымині, Мемкірісмині, Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі комитет | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |
| 11. | Экспорттаушылардың Қазақстан банктеріндегі шоттарына ақшаның түсуіне және мәміле-паспорттарының шарттарына сәйкес импорттық келісім-шарттар бойынша тауарлар толық берілмеген кезде аванстардың қайтарылуына бақылау орнату | Ұдайы | Мемкірісмині, Ұлттық Банк | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беру |
| 12. | Жұмыс істеп жатқан Мемлекеттік еңбек қорғау инспекциясы мен Мемлекеттік жұмыспен қамту инспекциясын Мемлекеттік еңбек инспекциясын Мемлекеттік еңбек инспекциясы етіп қайта ұйымдастыру туралы ұсыныс енгізу, оның құқықтары мен міндеттерін белгілеу | Желтоқсан | Еңбекәлеуметмині, Әділетмині | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13. | Ұйымдарды сатып алу-сату, басқаруға беру және жекешелендіру шарттарын жасасқан кезде Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен келісу тетігін енгізу жөнінде ұсыныс әзірлеу және енгізу | Желтоқсан | Еңбекәлеуметмині, Қаржымині, Энергетика, индустрия және саудамині | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі |
| 14. | Қазақстан Республикасының "Еңбек туралы" Заң жобасының жаңа редакциясында жұмыс берушінің оның кінәсінен жалақы және өсім төлеуді кешіктіргені үшін жауапкершілігін қатаңдату | 1999 жылдың I тоқсаны | Еңбекәлеуметмині, Әділетмині | Қазақстан Республикасының "Еңбек туралы" Заңының жобасы |
| 15. | Тарифтік келісімдер мен ұжымдық шарттар жасасқан кезде еңбек заңдарының сақталуына заңдарда берілген құқықтардың шегінде қоғамдық бақылауды күшейтуді көздеу | Ұдайы | Еңбекәлеуметмині, Кәсіподақтар Федерациясы Кеңесі және Ерікті Кәсіподақтар Конфедерациясы | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беру |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК